# Ашық сабақ

Ататүрік атындағы
№17 мектеп-гимназиясы

# «Жіппен бейнелеу тәсілдері»

Дайындаған: технология пәні мұғалімі
Срайлова Айгүл

**Сабақтың мақсаты:**

- **Әр түрлі жіптердің түрлерімен танысу, жіппен бейнелеу тәсілін оқушыларға меңгерту;**
- **Оқушыларға бағыт-бағдар бере отырып, олардың этикалық талғамын, шығармашылық қабілеттерін арттыру, ой өрісін дамыту;**
- **Оқушылардың қолөнерге деген қызығушылығын оятып, ұқыптылыққа, шеберлікке, жұмысты өз бетінше орындауға үйрету.**

**Сабақтың көрнекілігі:** **эскиздер, бүктеме, плакат**

**Сабаққа қажетті құралдар:** **картон, қалам, сызғыш, циркуль, дайын бұйым**

**Сабақтың түрі:** **аралас сабақ**

**Сабақтың әдісі:** **жаңа сабақты түсіндіру, сызу, үйрету**

**Пәнаралық байланыс:** **математика, сызу, бейнелеу тарихы**



## Сабақтың барысы:

### I. Ұйымдастыру кезеңі

- Оқушылармен сәлемдесу
- Оқушыларды сабаққа даярлау, түгендеу
- Үй тапсырмасын сұрау

### II. Негізгі бөлім

- Жаңа тақырыпты түсіндіру
- Сөзжұмбақ шешу
- Сергіту сәті
- Сарамандық жұмыс

### III. Қорытынды бөлім

- Жаңа сабақты пысықтау
- Оқушыларды бағалау
- Үй тапсырмасын беру
- Оқушылармен қоштасу







# Үй тапсырмасын сұрау

1.Ою-өрнек түрлері неше топқа бөлінеді?
2.Жас ерекшелігіне қарай киімдер қалай бөлінеді?
3.Иық бұйымдарын өңдеп әшекелеуге нелер жатады?
4.Қолдануына қарай киімдер неше топқа бөлінеді?
5.Модельдеу деген не?
6.Дизайн дегеніміз не?
7.Киімді пішер алдында не үшін декатирлейді?
8.Матаның қандай қасиеттерін білесің?
9.Матаның оң бетін қалай анықтауға болады?
0.Кеудеше неше бөліктен тұрады?

**Жіппен бейнелеу тәсілі \изонить** - жіптерден жасалған дизайндардың әр түрі. Жіппен бейнелеу тәсілі көптеген қызықты өрнектер ойлауға мүмкіндік туғызады. Бұл өмірде шығармашылықты көзбен мөлшерлей білуді, қолдың еңбегін бейнелеуді, эстетикалық талғамды талап етеді.

Англияда XVI ғасырда пайда болған Англия ойшылдары ілгектеп бекітудің тәсілін ойлап тапты. Олар ағаш тақтайшасына шеге бекітіп оған жіпті кереп ілуді, үй тұрмысына әсемдік бұйым етіп жасауды білді. Бұл техниканы ойлап тапқанГ.А.Баницкий мулина, тігін және машина жіптерін пайдаланып, қол құралдарына қайшы, циркуль, сызғыш, қарындаш қолданған.

Изонить тәсілімен суреттемелер, бейнелеу тағы көптеген заттар жасауға болады. Бұл тәсіл қиын болмағанымен, жасаушы адамнан ұқыптылықты, тәртіпті, шыдамдылықты талап етеді.




О
хорда
хорда










www.stitchingcards.com




Copyright www.stitchingcards.com








# СӨЗЖҰМБАҚ СҰРАҚТАРЫ

1.Тұт құртынына алынатын жіп.
2.Саусаққа тағатын әшекей.
3.Ыдыс салатын дорба.
4.Жүннен жасалатын жамылғы.
5.Қазақ қызының ұлттық бас киімі.
6.Мойынға тағатын әшекей.
7.Қалың мата түрі.
8.Көркем тігіс түрі.
9.Тігіншінің негізгі құралы.
10.Жіп жасайтын өмісдік.
11.Білекке салатын әшекей.
12.Жұмсақ мата түрі.
13.Жерге салатын төсеніш.
14.Киіз үйдің бөлшегі.




Ж
І
П
П
Е
Н
Б
Е
И
Н
Е
Л
Е
У

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | Ж | І | Б | Е | К | |
| | | | Ж | Ү | З | І | К | | | | |
| | А | Я | Қ | Қ | А | П | | | | | |
| | | | К | Ө | Р | П | Е | | | | |
| | | С | Ә | У | К | Е | Л | Е | | | |
| | | | | М | О | Н | Ш | А | Қ | | |
| | | | | | | Б | А | Р | Қ | Ы | Т |
| К | Е | С | Т | Е | Л | Е | У | | | | |
| | | | | | | И | Н | Е | | | |
| | | | | К | Е | Н | Д | І | Р | | |
| | | | Б | І | Л | Е | З | І | К | | |
| | М | А | Қ | П | А | Л | | | | | |
| | | | Т | Е | К | Е | М | Е | Т | | |
| | | | | | Т | У | Ы | Р | Л | Ы | Қ |

# Сергіту сәті

**Тап-тап, тап жорға,**
**Табаны жоқ боз жорға.**
**Желіп кетсе жеткізбес,**
**Жерге түссе таптырмас.**

**\ине**









# Сергіту сәті

**Түр-түсі және геометриялық пішіні әр алуан мата қиындыларынан құралған өрнек?**

**\құрак**









# Сергіту сәті

**Жүрген сайын жүйрігім,**
**Қысқартады құйрығын.**

**\ине-жіп**









# Сергіту сәті

**Жарқылдаған қос қылыш,**
**Қолға тисе жоқ тыныш.**

**\қайшы**









Сергіту сәті

**Басқаға киін дейді,**
**Ал өзі киінбейді.**

**\тігін машинасы**









# Сарамандық жұмыс



## Жұмыстың жасалу реті

1. Қатты қағазға бұрыш жасап, сызып, әр бөліктерді бірдей етіп бөлеміз, нүктелерді инемен түйреуішпен тесу керек, жіпті инеге өткізіп, схема бойынша жүргіземіз.
2. Циркульмен шеңбер жасау үшін сызбасын алып, тең бөліктерге бөліп белгілеп, нүктелерді инемен тесіп, инеге жіп өткізіп сызба бойынша фигура шығарамыз.

Жұмыс барысында түс үйлесімді болуына ерекше көңіл бөлу керек. Әр түстің өзіндік ерекшелігі бар. Мысалы, ақ түс – пәктік, тазалықтың белгісі, сары түс – байлық, молшылықтың белгісі, көк түс – бейбітшіліктің белгісін білдіреді.







# Жаңа сабақты пысықтау

1.Жіппен бейнелеу әдісі ең алғаш қай елде пайда болған?
2.Жіппен бейнелеу жұмысы барысында қандай қауіпсіздік ережелерді есте сақтау керек?
3.Жіпті алғаш түсірсек қалай болады?
4.Жіппен бейнелеу әдісін кім ойлап тапқан?
5.Жіппен бейнелеу үшін қандай құрал-жабдықтар қажет және олардың қызметі?

# Үйге тапсырма

***Жіппен бейнелеу жұмыстарын аяқтап келу***









# Назар қойып тыңдағандарыңызға рахмет!

